

*Ахметов Г.Ә.*

**ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ - ПАТРИОТТЫҚ РУХТЫҢ БАСТАУЛАРЫ**

*Ахметов Г.Е.*

**ТЮРКСКИЕ ПИСЬМЕННЫЕ ПАМЯТНИКИ – ИСТОКИ ПАТРИОТИЧЕСКОГО ДУХА**

*G.E. Akhmetov*

**TURKIC WRITTEN MONUMENTS – THE ORIGINS PATRIOTIC SPIRIT**

*УДК: 890:92-94*

*В данной статье раскрываются вопросы патриотического воспитания.*

*This article discusses the questions of Patriotic education.*

Егеменді қазақ елі тәуелсіз мемлекет ретінде әлемге танылып, өркениетке бет бұруда. Әлемдік өркеннетке бет алған тәуелсіз Қазақстандағы жаһандану үрдісі кезеңінде әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің негізінде ұлттық мәдениет пен руханиятты жаңғыртудың мүмкіндіктерін толық жүзеге асыру қажеттілігі туындады. Еліміздің тәуелсіздік алуы ұлттық тәрбиеге кең өріс ашты. Түркі өркениетінен бастау алатын өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі ғасырлар сынынан өткен ұлттық салт-дәстүр негізінде жас ұрпақты тәрбиелеу - қазіргі педагогика ілімінің назар аударып отырған мәселелерінің бірі. Сондықтан, бүгінгі педагогикалық білім берудің мақсаты мен міндеті қазіргі заман талабына сай, әсіресе жаңару кезіндегі адам тәрбиесінің әлеуметтік талабына сәйкес келуімен байланысты болмақ. Яғни, еліміздегі бүгінгі күні рухани салада жүріп жатқан өзгерістер барысында болашақ ұрпақты тәрбиелеуде ғасырлар бойы ата-баба тарихынан бізге жеткен тәлім-тәрбиелік мұралар арқылы елдік пен бірлік, мемлекет пен тұтастық ұстанымдарын насихаттау мүмкіндігі туып отыр. Жас ұрпаққа көне түркі мұраларынан бастау алып, қазақ дүниетанышынан өрбіген патриоттық тәрбие беру, азаматтардың отансүйгіштік сезімі мен өз елше деген ыстық сүйіспеншілігі ояту ұлттық қауіпсіздігімізді сақтаудың кепілі болумен қатар, ұлттық қасиетімізді сақтап қалуға қажет құндылық болып табылады. Өйткені, тарихымызды тану мен қоғамдық сананың даму заңдылықтарын білуде туған елін, жерін, ұлтын сүйуге тәрбиелеудің маңызы зор.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың: «Біз барлық мүмкіндіктерді жұмылдырып, қоғамымыздың ендігі жерде рухани түлеуіне, оның мәдениетін көтеруге, тарихын және мұрасын қалпына келтіруге, оны өркениет дамуынан кенже қалдырмауға ұмтылып отырмыз. Бұл өзімізді танудың әрі тәрбиелеудің, ең бастысы жас ұрпақтың бойына шынайы отаншылдық сезім дарытудың жолы», - деуі бүгінгі таңда қазақ халқының өзіне тән қайталанбас педагогикалық мәдени мұраларын, соның ішінде оның негізі

болып табылатын түркі жазба мұраларындағы патриоттық тәлім -тәрбиелік қағидаларды зерттеудің маңызы зор екендігін көрсетеді. [1] Бұндағы негізгі мақсат -білім беру ісі мен қоғамды ізгілендіру, ұлттық құндылықтарымызды өркениеттік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу арқылы білім мазмұнын ұлттық негізде жетілдіру, ұлттық рухымызды әлемдік деңгейге жақындату.

Қазақ халқы өз алдына дербес тәуелсіз мемлекет болып, қоғамдық ой-сананы қайта құрып жатқан қазіргі жаһандану дәуірінде көненің көзіндей болып, бізге тарих қойнауынан жеткен педагогикалық мұраларымызды өзара ықпалдас-тық пен тарихи сабақтастық тұрғысынан қарастырудың маңызы өте зор.

Отанды сүйу туған топырақтан басталады. Гуманизм мен патриотизм - халықтық тәрбиенің басты қағидаларының бірі. Қазақ халқының ұлттық педагогикасының тамыры сонау ерте ғасырларда жатқандығы белгілі. Қазақ халқындағы перзент тәлім-тәрбиесінің ана құрсағынан басталуы өзге халықтан ерекшелігімізді көрсетеді. Балаға тал бесіктен берілетін алғашқы тәрбиесін дана халқымыз: «Туған елдей ел болмас, туған жердей жер болмас» деген ұлағатты сөз арқылы туған жер ұғымын қадірлеуді ұрпақ санасына ерте сіңірген. Осындай өнеге-өсиеттер мен туған жерін, елін қадірлеу туралы терең пайымдаулардың бүгінгі тәуелсіз еліміздің алға ілгерілеуі мен әлемнің ең озық елдерінің қатарына жетуімізде алатын орны ерекше.

Дана халқымыздың қанына сіңген имандылық қағидалары: адамдар арасындағы ізгілік, қайырымдылық, адалдық, үлкенге құрмет, кішіге ізет, барға қанағат етушілік, жомарттық пен қонақжайлылық, мейірімділік пен қайырымдылық сынды адамгершілік, ізгі қарым-қатынасы негізінде жас ұрпақты тәрбиелеудің сыры тереңде жатқандығының көрінісін түркі жазба ескерткіштерінен табамыз.

Патриотизмнің мәні өте терең. Ол тек еліңді, туған жеріңді сүйумен шектелмесе керек, патриоттық сезімде ана тілін білу, халқымыздың салт-дәстүрін құрметтеу, адамдардың бір-біріне деген ізгі қарым-қатынасы арқылы Отанын, ұлтын сүйу ұғымы жатыр. Сондай-ақ, патриотизм ерлікке толы тарихымызды білуден басталмақ.

Ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздік тұғырына жету жолында халқымыз талай қиыншылықты бастан кешті. Сан ғасырға созылған қиыш-қыстау жаугершілік кезеңдер мен аласапыран заманда қазақ халқы қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен елдігін сақтап қалу үшін күресіп, киелі туған жерді бүгінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырды. Есімдері тасқа жазылып, ерлігін ұрпақ жадында сақтаған түркі халқының қайталанбас тұлғаларының ерлігі-бүгінгі ұрпаққа үлгі.

Осы орайда, түркі жазба ескерткіштері патриоттық рухтың бастаулары екенін көреміз. Түркі халқының ұлы мәдениетін бүкіл элемге паш еткен Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде патриоттық тәрбие негіздері ерекше айқындала түседі. Көне түркі жазбаларындағы патриоттық рухты сол кезеңнің кез келген жәдігерлерінен табамыз. Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі патриотизм түркі тектес халықтардың алғашқы ерлікке толы ой-пікірлердің мазмұнын құрайды, өйткені оларда қоғамдық-саяси идеялармен қатар тұлғаның қалыптасуы мен үйлесімді дамуын көздейтін патриоттық идея анық байқалады. Орхон ескерткіштеріне Орхон өзені маңайынан табылған тастағы жазулар жатады.

Олар - Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк ескерткіштері. Онда туған жерін, халықтың намысын қорғау туралы құнды ойлар айтылған. Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі жазбалардың кейінгі өскелең ұрпаққа берер тәрбиелік мәні орасан зор. Күлтегін мен Тоныкөк арқылы ұрпақ бойында ақылдылықтың, батырлықтың, төзімділіктің, қайсарлықтың, адалдықтың, табандылықтың болуын дәріптейміз.

Мысалы,

Күлтегін жырында:

Жаланах халықты тонды,

Кедей халықты бай қылдым.

Аз халықты көп қылдым,

Тату елге жақсылық қылдым,

Төрт бұрыштағы халықты

Бәрін бейбіт қылдым,

Тату қылдым, бәрі маған бағынды. [2; 18], – деп елдің бірлігі, ел басқарған көсемдердің ерлігі, еліне деген адалдығы, ерекше баяндалады. Ал ақылгөй Тоныкөк ел-жұртының қайғы-қасіретін, мұң-мұқтажын, ерлігін, елдік қасиетін тарихта мәңгі қалдырды. Түркі халқының бірлігін, татулығын сақтап, бақытты ел болуға шақырады. Мысалы:

Елтеріс қаған үшін,

Түрк білге қаған үшін

Қапаған қаған үшін

Түнде ұйықтамадым,

Күндіз отырмадым.

Қызыл қанымды төктім.

Қара терімді токтім.

Күш- қуатымды аямадым. [2; 36],–

Мұндағы ойдың басты түйіні халқы үшін, елі үшін адал қызмет ету, «қасық қаны қалғанша»

күресу, елдің бүтіндігін сақтау болып табылады. Түркі жазба ескерткіштеріндегі патриоттық ұғым қай уақытта да елінің қажетін өтейтін, халқына адал қызмет етуді азаматтық борышым деп білетін саналы азаматтың тұлғасын тәрбиелеу мақсатына бағытталуымен қатар жас ұрпақты азаматтық рухта тәрбиелеуге үндейді.

Зерттеуші ғалым М.Жолдасбековтың: «Орхон жазбаларын кейбір зерттеушілер тарихи деректер жиынтығына жатқызса, енді біразы оларды тарихи ерлік жыры деп тануда. Қалай дегенде де өте ертедегі жасалған бұл ескерткіштердің түркі халықтар тарихынан, мәдениеті мен әдебиетінен, ой- санасынан, әдет-ғұрпынан, дәстүрінен құнды деректер беретін бағалы мұра екендігі даусыз»,– деуі орынды. [3; 17] Жастарды отаншылдыққа тәрбиелеуде осындай ерлік дәстүрлерге сүйене отырып, патриоттық сезімін ояту арқылы тұлғаның ішкі жан-дүниесіне қозғау сала отырып, жарқын болашақтағы іс- әрекетіне жол сілтейміз. Яғни, түркі жазба ескерткіштері патриоттық рухтың бастаулары екеніне куә боламыз. Бұл ескерткіштерде тұлғаның адамгершілік бейнесінің қалыптасуы, адамның үйлесімді дамуын дәріптейтін құнды педагогикалық идеялар айқын көрінеді. Ендеше, түркі жазба ескерткіштеріндегі ерлік қасиеттер тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді, бүкіл түркі еліне ортақ ұлы мұраның жас ұрпақты ерлік дәстүрге тәрбиелеуде мәні зор екені айшықтала түскендей. Елді сырт жаудан қорғау, елдің азаттығын, бүтіндігін қорғау бүгінгі тәуелсіздігіміз үшін күрескен ерлік істер болып табылады.

«Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие беруге арналған мемлекеттік бағдарламасында»: «Қазақстандық патриотизм бұл әрбір азаматтың өз отанының тағдырына, қауіпсіздігіне, болашағына деген саналы жауапкершілігі»,–деп көрсетілген.[4] Ерлік сын сағатта сыналады. Өркениетті, дамыған ұлт ең алдымен, өзінің тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен басқа елден өзгешеленеді. Болашақта ел тұтқасын ұстар азаматтардың отаншылдық сезімін ояту, білім мен біліктілігін, дағдыларын, адамгершілік қасиетін, дүниетанымдық кәзқарасын, жағымды мінез-құлық нормалары мен сыпайы этикалық қарым-қатынастарын патриоттық тәрбие арқылы қалыптастыру бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі дегіміз келеді.

Заман қанша құбылса да, адамның адамгершілігі, патриоттығы, азаматтығы, бәрінен биік болуы керек. Ұрпақтан-ұрпаққа берілген құқықтық мемлекет құру туралы тағлымды ойлар, бабаларымыздың өмір тәжірибесінен алған асыл ой-қазыналары бәсекеге қабілетті елдің басты факторы жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуде үлкен септігін тигізеді. Қоғамымыздағы құқықтық мемлекет қалыптастыру мәселесінде де өркениеттілікке қарай жылжудың

корінісі арқылы емес, өмір бойғы халықтың арманы болған әділетті билік арқылы ғана жетеміз.

Ал, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында орта білім берудің мақсаты: «Жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру», - деп айқын көрсетілген. [5] Демек, бүгінгі таңда қоғам алдындағы мақсат та жеткіншектердің адамзаттық, патриоттық қасиеттерін қалыптастыруға аса мән беріліп отырғанын керсетеді. Ұрпақ тәрбиесі қай қоғамның, қай заманның болмасын, көкейкесті мәселесі екені даусыз.

Қазіргі жаһандану процесінде ел болашағын ойлайтын, жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдениеті мен ғылыми өресі озық азамат тәрбиелеу - қоғам алдындағы міндет. Олай дейтініміз, әрбір елдің, тұтастай алғанда, барлық элемдік қауымдастықтың болашағы жастарға тікелей байланысты, Қазіргі ақпараттық ғасыр мен ғаламданудың күшейіп тұрған уақытында ұлттық намыс пен ұлттық сананы қалыптастыруда, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуында ұлттық патриотизмнің ықпалы зор болмақ. Патриоттық тәрбиенің басты қағидасы - ұлттық патриотизмнің негізгі құндылықтары болып саналатын отанды сүю, атамекенді қастерлеу, елінің бақытты өмірі үшін ар-намысты жоғары ұстау, адамгершілік, рухани қасиеттерді бүгінгі ұрпақтың меншігіне айналдыру, еліміздің болашағы жас ұрпақты ұлттық рухта елжандылыққа, отанды сүюге тәрбиелеу. Болашақ ұрпақтың өз халқы үшін табандылық пен қайсарлық танытуы Отандастарына, еліне деген шынайы сүйіспеншілікте жатыр. Бүгінгі жаһандану үрдісіндегі патриоттық ұғым мемлекеттік деңгейде ғана емес, элемде бейбітшілік пен тыныштықты, ынтымақтастықты сақтау тұрғысында қарастылылуы тегін емес. Жас ұрпақтың тұлға ретінде қалыптасуы үшін оған ықпал ететін құбылыстар болуы керек. Республикамыздың элеуметтік-экономикалық

дамуын жеделдетуге, қоғамның саяси және рухани дамуындағы міндеттерді жаңғыртуға бағытталған патриоттық тәрбие беру үлгісін жақсартудағы атқарылып жатқан ізгі істер ұлттық дүние танымымыздың артуына эсер етеді. Өйткені, патриотизмді қалыптастыру қоғам болашағының оркендеуі әрі еліміздің бейбітшілігі мен тыныштығының арқасында өзге елдермен татулық пен ынтымақтастықта болуымен бағаланады. Сондықтан бүгінгі таңда еліміздің егмендегі мен тыныштығын сақтауда тұлғаның патриоттық сезімін дамыту арқылы ғана қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға болады.

Қорыта айтқанда, біздің оркениеттік мақсатымыз - өз ұлтының мәдениетін, тарихын, дінін қастерлейтін және оны жалпыадамзаттық деңгейдегі рухани құндылықтармен ұштастыра білетін, ауызбірлігі мықты тұлға тәрбиелеу. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның алдында жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуде халықтық асыл қазыналары оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану, сондай-ақ, ұлт жанды тұлға тәрбиелей отырып, элемнің ең озық елдерінің даму дәрежесімен терезе теңестіретін ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің ертеңгі ұлт тізгігін ұстайтын жастардың бойына патриоттық сезімді арттыру міндеті тұр. Яғни, ұлтына, дініне, тегіне қарамастан, елімізде тұратын әрбір азаматтың жұдырықтай жүрегінде отансүйгіштік, патриоттық сезім, отанына деген перзенттік мақтаньш сезімі орнауы керек .

#### Әдебиеттер:

1. Назарбаев. Н.Ә. «Мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасы», Егемен Қазақстан, 2003. - 29 қараша.
2. Ежелгі дәуір әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы (Құрастырған және өмірбаяндық деректерді жазған А.Қыраубаева, ф.ғ.к.), Алматы, «Ана тілі» . - 1991. - 280 б..
3. М, Жолдасбеков. « Асыл арналар»:Зерттеулер, мақалалар.-Алматы, «азушы» . - 1986. - 328б.
4. «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», Егемен Қазақстан, 2006. - 10 қазан.
5. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білт беруді дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан, 2003. -26 желтоқсан.

Рецензент: д.пед.н. Сияев Т.